



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05 мамыр 2017
Атырау қаласы

№ *355*
город Атырау

**Денсаулық сақтау басқармасына
қарасты шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорын «Атырау облыстық
қан орталығы» байқау кеңесінің
құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы №125 «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төменде көрсетілген құрамда Денсаулық сақтау басқармасына қарасты шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын «Атырау облыстық қан орталығы» бойынша байқау кеңесінің құрамы бекітілсін:

1) Арыспаева Саида Болатовна – «Республикалық қан орталығы» ШЖҚ РМК медициналық бөлігі жөніндегі директордың орынбасары, Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі ретінде;

2) Бахонов Жәңгірхан Кенжетайұлы – Атырау облыстық қан орталығының директоры;

3) Айтмұхамбетов Нұрқабыл Әбуұлы;

4) Дюсупова Гулзиеп Суюнғалиевна;

5) Бердешева Мира.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының басшысына:

1) өз құзіреті шеңберінде осы бұйрықтан туындайтын барлық шараларды қабылдасын;

2) өз өкілеттіктері шеңберінде және қолданыстағы заңнамалық және заңнамаға тәуелді актілер негізінде осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Өзіме қалдырамын.

Негіздеме: 2021 жылғы 19 шілдедегі «Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына үміткерлерді конкурстық іріктеу комиссиясының Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына үміткерлердің құжаттарын қарау» №1 хаттамасы және 2021 жылғы 30 шілдедегі «Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына үміткерлерді конкурстық іріктеу комиссиясының Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеп алу туралы Байқау Кеңесінің қорытынды мәжілісінің» №2 хаттамасы.

Басқарма басшысы

А.Байдубалиев

Заңгер:



Бұйрықпен таныстырылсын: